

**«Облыстық тері-венерология диспансері» мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорнының 2025 жылғы сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

13.08.2025 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМ

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз:
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары»;

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық тері-венерология диспансері» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі *ОТВД*) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 25.06.2025 жылғы №116 н/к бұйрығы.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі:

ОТВД-пен оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметі.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмыс тобы:

ОТВД басшысының 25.06.2025 жылғы №116 н/к бұйрығымен құрылған жұмысшы топ құрамында:

Басшы орынбасары - А.Б.Зиятаева, бас есепші - Г.Ш.Пернехан, кадр инспекторы - Н.Кыдырбек, ЕҚ және ТҚ инженері - Д.У.Алдашов пен комплаенс-офицері - А.Б.Зиятаева енгізілген.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:
2025 жылдың 02-шілде мен 13-тамыз.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қамту мерзімі:
2024 жыл мен 2025 жылдың 13-тамыз аралығы.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттары:

1) Мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- 2) Персоналды басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 3) Мүдделер қақтығысын реттеу қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 4) Мемлекеттік сатып алу, Бюджет қаражатын игеру және бөлу қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 5) Көрсетілетін медициналық қызметтердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттары бойынша зерделеу нәтижесі;

1) Мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

ОТВД ұйымдастырушылық, рұқсат беру функцияларын, бақылау-тексеру функцияларын іске асырмайды және мемлекеттік бюджеттен емес «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ арқылы қаржыландырылады және денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық жүйелерді пайдаланады.

Диспансерде құжат айналымы, ішкі бұйрықтар мен басқарушылық шешімдер белгіленген тәртіппен және уақытылы рәсімделеді. Ішкі нормативтік актілер, бұйрықтар мен өкімдер заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Алайда талдау барысында кейбір ұйымдастырушылық процестерде жауапты тұлғалар мен нақты орындалу мерзімдерінің көрсетілмеуі анықталды.

Бұл жағдайлар қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қиындатып, ұйым ішіндегі тәртіп пен есептілікті әлсірете отырып сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындатуы мүмкін.

Ұсыныс: Барлық ішкі басқарушылық құжаттарға нақты орындаушылар мен мерзімдерді міндетті түрде енгізу тәртібін бекіте отырып, өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақтылап, қызметтік міндеттерге енгізуді ұйымдастыру.

2) Персоналды басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

ОТВД-ның 2024–2025 жылдары бекітілген штат саны 315,0 лауазымдық бірлік қарастырылған, оның ішінде нақты жұмыс атқарып отырғандары 311,0 әзіргі уақытта бос лауазымдар саны 4,0 нақты атап айтқанда 2,0 орын дәрігер дерматовенеролог лауазымдық бірлігі мен 2,0 орын орта медициналық персонал бірлігі.

Бос орындар туралы ақпараттар ай сайын enbek.kz сайтына мерзімінде орналастырылуда. Және де орта медициналық персоналдарды tpts://jumys.snation.kz порталы арқылы бос орындар вакансиясы жариялану арқылы жұмысқа қабылдануда.

2024 жылы ОТВД-не 39 адам, ал 2025 жылы осы уақытқа 13 адам жұмысқа қабылданған.

Өткен 2024 жылы 33 адам және осы жылы қазіргі таңда 22 адам өз өтініштеріне сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 50-бабына сәйкес, тараптардың келісімі бойынша жұмыстан босатылған, жұмыс беруші бастамасы бойынша жұмыстан босатылғандар жоқ.

Диспансерде кадрлық саясатқа байланысты ішкі нормативтік құжаттар бекітілген және қолданыста бар.

Қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру және босату тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және мемлекеттік қызметке немесе медицина ұйымдарына тән кадрлық рәсімдерге сәйкес жүргізіледі.

3) Мүдделер қақтығысын реттеу қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Ішкі талдау жұмыстарын жүргізу барысында мүдделер қақтығысы фактілерінің орын алғандығы анықталмады.

Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша ішкі бақылау жүйесі диспансерде құрылған және барлық қызметкерлерді қамтиды. Қызметкерлер тарапынан мүдделер қақтығысы туралы уақтылы хабарлама беру тәжірибесі жүйелі жолға қойылған.

Ішкі құжаттарда (еңбек тәртібі ережелері, этика кодексі, лауазымдық нұсқаулықтар) мүдделер қақтығысын болдырмау бойынша міндеттемелер көрсетілген. Жыл сайын қызметкерлерден мүдделер қақтығысы бойынша декларация немесе түсініктеме алу тәжірибесі қалыптасқан.

4) Мемлекеттік сатып алу, Бюджет қаражатын игеру және бөлу қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінде Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңына сәйкес: «Ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауары бірнеше өндірушіден немесе көтерме сауда арқылы берушіден болған жағдайда, неғұрлым төмен құны бар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын беру шартында көрсетілген, өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда арқылы берушінің сатып алу бағасының 15 пайызынан аспайтын шекті сауда үстемесінің мөлшерін белгілейді» (бұдан әрі – ҚР Заңы).

Жүргізілген талдау нәтижесінде, бұзушылықтардың негізгі себебі ретінде келісімшарттарда бекітілген тіркелген сатып алу бағалары анықталған, бұл бағалар ресми сайтта («Stat.gov.kz») жарияланған орташа статистикалық бағалардан едәуір ауытқығандығы байқалған.

«Облыстық тері-венерологиялық аурулар диспансері» ШЖҚ МКК-ны ӘМАТ өнімдеріне қатысты қолданыстағы мемлекеттік сатып алу келісім шарттары дер кезінде қайта қаралып, қолданыстағы мемлекеттік сатып алу «БЕРДІКЕЙ» ЖШС мен жасалынған келісім шартқа өзгеріс енгізілген.

Келісім шартта көрестілген нан бағасы 369 теңгеден 203 теңгеге, каракұмық жармасы 526 теңгеден 229 теңгеге өзгертіліп, 16.04.2025ж. қосымша келсім шарт жасалынып, қаржының тиімсіз пайдаланылуын алдын алынды.

Бірінші жарты жылдықта электронды дүкеннен тауарлар алынған (дәретхана қағазы, сүлгі), екінші жарты жылдыққа өзгерістер енгізіліп электрондық дүкеннен зат сатып алуға тыйым салынды.

Бұдан өзге ішкі талдау барысында қаржылық құжаттар толық және уақтылы рәсімделгендігі анықталды.

Ішкі бақылау және есептілік жүйесі жүйелі жұмыс істейді.

5) Көрсетілетін медициналық қызметтердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

ОТВД мемлекеттік қызметтер көрсетпейді оның қызметінің мәні мен мақсаты денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру, атап айтқанда тері ауруларын емдеу бойынша қызмет көрсету болып табылады.

Бұл бағыт бойынша ішкі талдау жұмыстарының нәтижесімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы мекеменің жұмысына қатысты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша оқыту семинарларын, дөңгелек үстелдерді және басқада іс-шараларды тұрақты ұйымдастыруды жалғастыру.

Ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ мүшелері:

Басшы орынбасары

Бас есепші

Кадр бөлімінің инспекторы

ЕҚ және ТҚ инженері

Басшы орынбасары комплаенс маманы

Ж.У.Будесова

Г.Ш.Пернехан

Н.Кыдырбек

Д.У.Алдашев

А.Б.Зиятаева